

**Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 ақпандағы N 9 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 3 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6099 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы 196 қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет ү ш і н ж е т к і з с і н .

4. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

<i>Төрайым</i>	<i>Е. Бахмутова</i>	
Қазақстан	Республикасы	Қаржы
нарығын	және	қаржы
реттеу	мен	ұйымдарын
Басқармасының	2010	қадағалау
1	№	9
ақпандағы		жылғы
		қаулысына
қосымша		

### **Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығының мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тізбесі**

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығының мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 224 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.09.21 № 298( мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енеді) Қаулысымен.

3. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2012.02.24 № 85 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Агенттік Басқармасының «Клиенттер мен инвестициялық портфельді басқарушылардың меншікті активтерін инвестициялау туралы жасалған мәмілелердің есебін ұсыну жөніндегі ережені бекіту туралы» 2005 жылғы 28 мамырдағы № 165 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3700 тіркелген):

көрсетілген қаулымен бекітілген Клиенттер мен инвестициялық портфельді басқарушылардың меншікті активтерін инвестициялау туралы жасалған мәмілелердің есебін ұсыну жөніндегі ережесінде:

2-тармақтың екінші абзацы «3» деген цифрдан кейін «, 4» деген тыныс белгісімен және цифрмен толықтырылсын;

осы Тізбенің 3-қосымшасына сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.

Қазақстан	Республикасының	кейбір
нормативтік	құқықтық	актілеріне
бағалы	қағаздар	нарығының
		мәселелері



## кестенің жалғасы

Қаржы құралының параметрлері							
Қаржы құралының түрі	Қаржы құралын шығарған (ұсынған) эмитенттің атауы	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі <sup>8</sup>	Бір бірлігінің бағасы <sup>8</sup>	Мәміленің көлемі <sup>8</sup> (дана )	Мәміле сомасы <sup>9</sup> (тенге)	Банктік салым шартының аяқталу күні	Ескерту

Аффилиирленген тұлғаларымен жасалған мәмілелер туралы есепті толтыруға е с к е р т у :

\* Тәуекелді инвестициялаудың жабық инвестициялық пай қорларына қатысты толтырылады және уәкілетті органға беріледі.

<sup>1</sup> Инвестициялық портфельді басқарушының меншікті немесе клиент активтері көрсетіледі. Егер мәміле клиент активтері есебінен жасалған жағдайда, <sup>2</sup> және <sup>3</sup> - бағаналар толтырылады.

<sup>2</sup> «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 64-бабына сәйкес клиент инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты аффилиирленген тұлға болып танылатын сәйкес белгі көрсетіледі.

<sup>3</sup> «Күні/айы/жылы» форматында мәміленің жасалған күні көрсетіледі.

<sup>4</sup> Мәміле сауда жүйесінде жасалған қор биржасының атауы және «қор биржасының атауы/елі» форматында оның резиденттік елі не мәміле «ұйымдастырылмаған нарық» форматында қор биржасында жасалмағаны не «халықаралық нарықта» жасалғаны көрсетіледі.

<sup>5</sup> Мәміленің түрі көрсетіледі (сатып алу, сату, «репо» ашылу және жабылу операциясы, банктік салым шартын жасасу және өзге мәмілелер). «Репо» операциялары бойынша сонымен қатар «репо» операцияларының түрі көрсетіледі: тікелей немесе кері «репо». Қор биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша «Ескерту» деген бағанада мәмілені ж а с а у ә д і с і көрсетіледі.

<sup>6</sup> Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым брокер ретінде болған (брокер мүддесінде әрекет еткен тұлғаны көрсетіп) жағдайда, «B» символы қолданылады және бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым дилер ретінде болған жағдайда "D" символы қолданылады. Банктік салым ашылған жағдайда, банктің атауы көрсетіледі.

<sup>7</sup> «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 64-бабына сәйкес қарсы серіктес инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты аффилиирленген тұлға болып танылатын

